



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,
Ойыл ауылы, Көкжар көшесі, 56үй
тел: 8(71332) 2-17-32

030900, Актюбинская область,
Уилский район, с.Уил, ул. Кокжар,
дом 56, тел: 8(71332) 2-17-32

2025 жылғы «17» наурыз
Ойыл с.

№ 243

«17» март 2025 года
с.Уил

*Мектепке дейінгі ұйымдарда
ата-аналарға арналған
консультациялық пункт ашу туралы*

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 1-индикаторының 5-тармағын орындау және мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдеріне) кеңес беру, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау құзыреттілігін арттыру үшін ата-аналарға арналған консультациялық пункт қызметін ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі ұйым басшыларына:

1.1. 2025 жылдың наурыз айынан бастап меншік нысанына қарамастан, барлық мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарға арналған консультациялық пункттер ашылсын.

1.2. Әрбір мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы консультациялық пункттерінің тиісті деңгейде талапқа сай жұмыс жасауы қамтамасыз етілсін.

1.3. Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқаулықтар басшылыққа алынсын.


1.4. Консультациялық пункт қызметін талапқа сай ұйымдастыруға, қажетті ақпараттардың мектепке дейінгі ұйымдардың сайттарында орналастырылуына жауапты тұлғалар бекітілсін.

2. Консультациялық пункттер жұмысының нұсқаулықтарға сәйкес жүргізілуін қадағалау, әдістемелік көмек беру әдістемелік кабинеттің әдіскері Р.Сенғалиеваға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Д.Нұрғазинге жүктелсін.

Негіздеме: Ақтөбе облысының білім басқармасының 12.03.2025ж №120 хаты

Бөлім басшысы:



Е.Бегалин



030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,
Ойыл ауылы, м/а «Қлипанов» 24,
тел:8(71332)2-12-08

030900, Актюбинская область,
Уилский район, с. Уил, ул. Клипанов
дом 24 тел:8(71332)2-12-08

«12»қыркүйек 2025 жыл

№14

«12»сентября 2025 год

**МДУ кеңес беру пунктінің жұмысын ұйымдастыру туралы
31.10.2023жылғы №22 бұйрыққа бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы.**

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі балаларды ерте дамыту институты « Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқамаға» негізделе отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. Жаңа 2025-2026 оқу жылынан бастап «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ы базасында ата-анааларға кеңес беру пункті құрылсын.

2. Мамандар мен білім беру-тәрбие процесіне қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесу ретіндегі консультация пункттің жұмысын жүргізетін құрамы құрылсын. Консультациялық пункт төрайымы: Жоламанова Салтанат Болтовна

Консультациялық пункттің мүшелері:

Аманғосова Райым Аралқызы - психолог

Қазбекова Жангул Нұрлыханқызы - мейірбике

Тайгужиева Шынар Салыхжанова- тәрбиеші

Кадирова Венера Амангелдиевна-тәрбиеші

Улыкпанова Бақыт Жолдаскалиевна-тәрбиеші

Утеуова Ментай Кайырбековна-тәрбиеші

Жаңабаева Аққу Серікқызы- музыка жетекшісі

3. Консультациялық пункт төрайымына:

-Консультациялық пункттің жұмысын «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру» туралы (ережеге сәйкес ұйымдастыру)

-Кеңес жұмысын мекеменің жоспарына сәйкестендіру

-Консультациялық пункттің жұмыс жоспарын құру, талдау, бекіту.

-Кеңес беру пунктінің жұмысы туралы ақпаратты сайтқа орналастыру, құжаттарын жүргізу міндеттелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісі:

Ш.Толыбаева



Хабарландыру!

Құрметті ата-аналар!

“Жолшы” бөбекжай-бақшасы” МКҚК-да мектепке дейінгі ұйымға бармайтын 1-жастан – 5 жас аралығындағы балаларға арналған “Тегін консультациялық пункт” жұмыс жасайтынын хабарлаймыз.

Сіздерге педагогикалық қолдау кеңестер беріледі. Мектеп жасына дейінгі балаларға іскерліктері мен дағдыларын дамыту үшін мамандар қолдау көрсетеді.



Кеңес беру орталығының мамандарының жұмыс кестесі.

№	Апта күндері	Жұмыс формасы	Уақыты	Жауаптылыр
1	Дүйсенбі	Ата-аналардың өтініші бойынша топтық/жеке кеңес беру	14.30-16.30	Меңгеруші Толыбаева Ш.Р Әдіскер Жоламанова С.Б Педагог –психолог Аралова Р.А
2	Сәрсенбі	Ойын-жаттығулар, дөңгелек үстел, тренингтер, кеңестер т.б		Педагог –психолог Аралова Р.А Тәрбиешілер Улыкпанова Б.Ж Утеуова М.К Кадирова В.А Тайгужиева Ш.С

Бекітемін:
«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
менгерушісі Толыбаева.Ш.Р



Кеңес беру орталығының мамандарының
жұмыс кестесі

№	Апта күндері	Жұмыс формасы	Уақыты	Жауаптылар
1.	Дүйсенбі	Ата-аналардың өтініші бойынша топтық/ жеке кеңес беру	14.30-16.30	МДҰ менгерушісі Толыбаева Ш.Р Әдіскері Жоламанова С.Б Педагог-психолог Аманғосова Р.А
2.	Сәрсенбі	Ойын-жаттығулар, дөңгелек үстел, тренингтер, кеңестер, т.б.	14.30-16.30	Педагог-психолог Аманғосова Р.А Мейірбике Қазбекова Ж.Н Тәрбиешілер Улыкпанова Б.Ж Утеуова М.К Кадирова В.А Тайғужиева Ш.С

“Жолшы” бөбекжай-балабақшасы” мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



**“Жолшы” бөбекжай-балабақшасы” МКҚК бойынша
мектепке дейінгі білім берумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған
консультациялық пункттің перспективалық жұмыс жоспары**

Бекітемін:
 “Жолшы” бөбекжай-балабақшасының
 меңгерушісі Ш.Р.Толыбаева
 “11” “11” 2025-2026 оқу жылы

“Жолшы” бөбекжай-балабақшасы” МКҚК бойынша мектепке дейінгі білім берумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттің перспективалық жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Жұмыс түрі	Жауаптылар	Жүзеге асыру мерзімі
I. Ақпараттық бөлім				
1	Консультациялық пункттің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту	Педагогикалық кеңес	Меңгеруші	Тамыз
2	Консультациялық пункттің жұмысы туралы ақпарат	Дөңгелек үстел, ақпаратты МДҰ әлеуметтік желісіне шығару (Instagram)	Меңгеруші, әдіскер	Қыркүйек
3	Мамандардың жұмысы туралы	Сөз сөйлеу (презентация)	Консультациялық пункт мамандары	Қыркүйек
4	МДҰ-ға виртуалды экскурсия	МДҰ жұмысы туралы фильм, хабарландыру	Меңгеруші, әдіскер	Қыркүйек
II. Консультациялық бөлім				
1	Ата-аналардың сұраулары бойынша жеке жұмыс	“Жылы сөз - жақсы таныстықтың бастауы” Тренинг	КП мамандары	Қыркүйек
2	Түзету гимнастикасы: “Дене бітімі дұрыс бала- болашақ дені сау ұрпақ” Ақпараттық кездесу.	Кәсіби ұсынымдар бере алатын шақырылған мамандардың қатысуымен семинар	Педагог-психолог	Желтоқсан
3	Ашық есік күндері	Ашық есік күндерін ұйымдастыру, онда ата- аналар балабақша қызметімен, баланың күн тәртібімен	Меңгеруші, әдіскер	Қаңтар

4	“Бала өміріндегі әуен мен ырғақтың маңызы”	Балаларға арналған әуендер тыңдау. Медиафайлдармен жұмыс.	Музыка жетекшісі	Желтоқсан
5	“Баланың ойлау қабілетін дамытатын - дидактикалық ойындар”	Отбасында ойынды қалай ұйымдастыруға болады? Пікір алмасу, ұсынғыстар	Ересек топ тәрбиешілері	Қаңтар
6	“Үйдегі ойын - ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту құралы”	Баланың қозғалыс ерекшелігі	Кіші топ тәрбиешілері	Наурыз
7	“Ертегі - баланың рухани әлемін байытушы құрал”	Ертегі терапия. Баланың дамуындағы ертегілердің ролі.	Жоғары санатты тәрбиешілер	Сәуір
8	“Сіз қандай ата-анасыз?”	Ата-аналарға сауалнама жүргізу	Педагог-психолог	Мамыр

IV. Медиаконтент

1	“Музыка - баланың жан дүниесінің айнасы”		Әдіскер	МДҮ сайтына шығару
2	“Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына ертегілердің ықпалы”		Әдіскер	
3	“Гигиена мен шынықтыру - денсаулық кепілі”		Әдіскер	
4	“Ойын - оқу мен тәрбиенің негізі”		Әдіскер	

		танысады.Өздерін ойландыратын мәселелерінің жауабын алады.		
4	Шеберлік сағаттарын өткізу	Ата-аналар мен балалар араласқан шеберлік сағаттарын өткізу, мысалы, суреттер салу, аспаздық өнер	Әдіскер	Ақпан
5	Жеке мәселелер бойынша кеңес беру	Ата-аналар педагогтер немесе мамандармен бірге баласының дамуы мен тәрбиесіне қатысты мәселелерді талқылай алатын жек консультациялар ұйымдастыру	КП мамандары	Мамандардың жұмыс кестесі бойынша
6	Ата-аналар мен балаларды МДҮ іс-шараларына қатысуға шақыру	Ата-аналар мен балаларды балабақшадағы жәрмеңкелер, шаралар, конкурстарға қатынасуға шақыру	Әдіскер	МДҮ жоспарына сәйкес
7	Психологиялық тренингтер	Ата-аналарға эмоцияларын басқару, баланың мінез-құлқын түсіну және қолдау және т.б бойынша тренингтер. Ата-аналарды толандырып жүрген тақырыптарды талқылауға, бір-бірін қолдауға шақыратын топтық сабақтар.	Психолог, әдіскер	Психолог жоспарына сәйкес
III.Әдістемелік бөлім				
1	“Ерте жастағы балалардың психологиялық даму кезеңдері”	Жас ерекшелігіне сай дамытуға арналған диагностикалық әдістер жөнінде кеңестер беру	Педагог- психолог	Қыркүйек
2	“Баланың ақыл-ой дамуына әсер ететін тағамдар”	Дұрыс тамақтану ережелерімен таныстыру	Медбике	Қазан
3	“Мектепке дейінгі балалардың қоршаған ортадағы қауіпсіздігі”	Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етуге болады?	Әдіскер	Қараша

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Бекітемін:

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

менгерушісі:

Толыбаева Ш.Р



«Баланың ақыл-ой дамуына әсер ететін тағамдар»

(баяндама)



Мейірікке: Қазбекова Ж.Н

Балалар ағзасына қандай тағамдар пайдалы?

2025-2026 оқу жылы



Балалардың дұрыс өсіп-жетілуі үшін олардың кішкентайынан дұрыс тамақтануының маңызы зор. Дене-бітімі – бойы мен дене салмағы былай тұрсын, ішкен асы балалардың ақыл-ойына да көп әсер етеді. Сондықтан, кішкентайларыңызға берер тамақтың құрамы мен құнарына да мән беріңіз.

Жаңа қалыптасып келе жатқан ағза дәрумендер мен өзге де қажетті минералдардың толық құрамын талап етеді. Балалар дені мен ақыл-ойының саулығы үшін жасанды қоспалардың емес, табиғи өнімдердің рөлі ерекше. Ересектерге қарағанда балалар ағзасындағы зат алмау процесі 1,5-2 есе жоғары. Сондықтан, дұрыс өсіп-жетілу үшін балалардың күнделікті жұмсайтын күшінен қабылдайтын қуаты он есе көп болғаны абзал.

Кішкентайларыңызды тамақтандырғанда тағам құрамында төмендегілердің қажетті мөлшерде болуын қадағалаңыз.

Ақуыз – ағзадағы ұлпаларды қайтадан қалпына келтіретін негіз. Ақуыздан жасушалар мен ұлпалар құралады және ферменттер мен кейбір гормондар түзіледі. Ағзаның тірек, бұлшық ет, жамылғы тканьдері ақуыздардан құралған. Олар ағзада әртүрлі қызмет атқарады, химиялық реакцияларды жүргізеді, дене мүшелерінің қызметтерін өзара үйлестіреді, аурулармен күреседі, т.б. Адам тәулігіне, шамамен 100 г ақуыз қабылдауы керек. Азықпен түскен ақуыз әуелі асқазанда, сосын ішектегі ферменттердің әсерінен гидролизденіп, аминқышқылдарына ыдырап, аш ішектен қанға өтеді. Балалар мен жасөспірімдерде ақуыздың түзілуінен гөрі ыдырауы көп болады. Сондықтан оларға тамақтану мөлшерінен есептегенде мұны естен шығармаған жөн. Ақуыз тек тірі организмдер құрамында ғана болады. Оның құрамында 50,6 – 54,5% көміртек, 21,5 –

23,5% оттек, 6,5 – 7,3% сутек, 15 – 17,6% азот, 0,3 – 2,5% күкірт бар, кейде фосфор да кездеседі.

Ақуыз еттің, сүт тағамдары мен бұршақ тұқымдастардың және жанғақтардың құрамында мол кездеседі.

Көмірсулар тағамның негізгі массасын құрайды. Олар – негізгі энергия көзі, ағзаға энергия қажеттілігін 50-60%-ға дейін қамтамасыз етеді. Ағзада 1 г көмірсулар тотығуы кезінде 4,1 кКал (16,7 кДж) энергия пайда болады. Дене жұмысы кезінде бірінші кезекте көмірсулар шығын болады, олардың қоры біткеннен кейін ғана ағза майларды пайдалана бастайды. Көмірсулар белоктарды сақтайды. Орталық жүйке жүйесі мен қаңқаеттері қызметтерін қалыпты атқаруы үшін көмірсулардың үлкен маңызы бар, себебі олар тез тотығады және жеткілікті деңгейде энергиялық потенциалды қамтамасыз етеді. Көмірсулардың ми қыртысын тыныштандыратын әсері бар. Олар улы заттарды сорбциялайды, қорғасыннан, т.б. металдардан уланудың алдын алуда пайдаланылады, сондай-ақ, ішектегі патогенді шіріткіш микроорганизмдерінің өсуін тоқтатады.

Көмірсулар, негізінен, өсімдіктердің құрамында болады. Мысалы, қанттың 99,8 пайызы, ара балы мен крахмалдың шамамен 80 пайызы көмірсулардан тұрады.

Май маңызды энергия мен А, Е, D дәрумендерінің қоры. Сондай-ақ, ол баланың иммунитеті мен өсуіне жауапты. Май тотыққанда көміртегінің қостотығы, су және энергия бөлінеді.

Май өсімдік майы, сүт тағамдары мен балықта мол.

Тағамдық талшықтар – адам ағзасындағы асқорыту ферменттері қорыта алмайтын, бірақ ішек-қарынның пайдалы микрофлорасы өңдей алатын ас компоненттері.

Тағамдық талшықтар отта пісірілмеген көкөністердің құрамында, сондай-ақ жемістер мен арпа, сұлы жармаларының құрамында кездеседі.

Кальций сүйектердің беріктігін қамтамасыз етіп, жүрек соғысын реттейді, ас қорыту жұмысына, жүйкеге, қорғаныс қабілетінің жетілуіне тигізетін әсері мол, сондай-ақ, бұлшық еттердің ширығуы мен босануына жауап береді. Дәрігерлердің айтуынша, жас балаларға тәулігіне 600-800 миллиграмм кальций қажет екен.

Кальций сүт тағамдарында, ет, балық, жұмыртқа, бұршақ тұқымдастардың құрамында болады.

Темірдің ағзадағы тапшылығынан анемия немесе қаназдық ауруы пайда болады. Сондай-ақ, тері бозарады, тырнақ жұмсарады, әрі тез сынады, ауыз қуысы және асқазанның сілекейлі қабаты бүлінеді, тыныс алу қызметі нашарлайды.

Темір жұмыртқаның сарысында, қарақұмықта, грек жаңғағында, күнжіт, фасоль, өрікте, мейізде көп болады.

Баланың психикалық дамуына отбасы тәрбиесінің әсері

«Ата-ана тәрбиелейді, ал балаларды әдейі немесе байқаусызда дамып келе жатқан отбасылық өмір тәрбиелейді. Отбасылық өмір соншалықты күшті, өйткені оның әсерлері тұрақты, кәдімгі, ол біз өмір сүретін ауа сияқты адам рухын байқатпай әрекет етеді, күшейтеді немесе жібереді».
(А.Н. Острогорский)

Отбасы жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өмірінде үлкен рөл атқарады. Оның өмір сүруі әртүрлі материалдық және рухани процестермен сипатталады.

Баланың жеке басының қалыптасуына және психикалық дамуына отбасы шешуші әсер етеді. Анасы мен әкесімен, ағаларымен және әпкелерімен араласа отырып, нәресте әлемге деген көзқарасын үйренеді, отбасының ойы мен сөйлейтінін ойлап, сөйлейді. Ересек болған соң, ол өзінің отбасының кейбір қасиеттерін саналы түрде қабылдамауы мүмкін, бірақ ол бейсаналық түрде отбасына тән мінез-құлық, сөйлеу мәнері мен мінез-құлық қасиеттерін бойына алып жүреді. Мұның бәрі баланың өмірлік мақсаттарына жету жолын анықтайтын өмір салты, қасиеттердің, әрекеттер мен дағдылардың бірегей үйлесімі.

Мектепке дейінгі жаста баланың мінез-құлқының жалпы сипатын, оның айналасындағылардың бәріне қатынасын анықтайтын психикасының ерекшеліктері ғана қалыптасып қоймайды, сонымен қатар болашаққа «фон» көрсететін, мысалы, өзін-өзі бағалау, т.б. Бұл жас кезеңінде бала барлық балаларға тән тұлғалық қасиеттерді ғана емес, сонымен бірге психикасы мен мінез-құлқының өзіндік жеке ерекшеліктерін де игеріп, оның өзіндік қызығушылықтары, ұмтылыстары, қабілеттері бар бірегей тұлға болуға мүмкіндік береді.

Отбасы тәрбиесінің стиліне әсер ететін бірқатар факторлар бар: ата-ананың тұлғалық қасиеттері және олардың мінез-құлық формалары; ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі және олардың білім деңгейі; отбасындағы эмоционалды және моральдық атмосфера; тәрбиелік ықпал ету құралдарының ауқымы (жазалаудан марапатқа дейін); баланың отбасы өміріне араласу дәрежесі; баланың ағымдағы қажеттіліктерін және оларды қанағаттандыру дәрежесін ескере отырып.

Баланың мотивациялық сферасы мектепке дейінгі жаста белсенді түрде дамиды. Егер үш жасар бала көбінесе ситуациялық тәжірибелердің, тілектердің әсерінен әрекет етсе және сол немесе басқа әрекетті орындаған кезде ол мұны не үшін және не үшін жасап жатқанын анық түсінбесе, онда үлкенірек мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекеті саналы болады. Мектепке дейінгі жаста балада ерте балалық шақта болмаған мотивтер қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі баланың мінез-құлқына үлкендер әлеміне қызығушылық, олар сияқты болуға ұмтылу, игерілетін іс-әрекеттің жаңа түрлеріне (ойын, модельдеу, сурет салу, жобалау және т.б.) қызығушылық сияқты мотивтер әсер ете бастайды. Отбасында, балабақшада үлкендермен жағымды қарым-қатынас орнату және қолдау. Бұл баланы, әсіресе мектеп жасына дейінгі кезеңнің соңына қарай, ата-ана мен мұғалімдердің бағасына өте сезімтал етеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің мотиві көбінесе «жақсылыққа» ұмтылу, өздеріне ұнайтын құрбыларының жанашырлығы, топтағы беделді және өзін-өзі бағалау, өзін көрсетуге ұмтылу, бәсекелестік мотивтері (басқалардан жақсы болу) болып табылады.

Балалардың мінез-құлқы көбінесе танымдық, шығармашылық және моральдық мотивтермен анықталады (әсіресе орта және одан жоғары мектеп жасына дейінгі жаста). Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, баланың психологиялық денсаулығының анықталған ерекшеліктерін қалыптастырудың шарттарын және баланың психикалық дамуына отбасы тәрбиесінің оң әсер ету жағдайын анықтауға болады.

Біріншіден, ең алдымен өзін-өзі реттеу үшін қажет баланың белсенділігін қалыптастыруға ықпал ету. Бір немесе басқа қызмет түрін (моторлы, когнитивтік, коммуникативті және т.б.) дамыту үшін сезімтал кезеңдердің болуы туралы айтуға болады. Сонымен қатар,

сезімтал кезеңде баланың әрекеті қарым-қатынас жағдайында және оқуды ұйымдастырудың тиісті әдістерімен жүзеге асырылуы қажет. Тіршілік құрылымдарының жеткіліксіз ұйымдастырылуы белсенділікті блоктайды, оның деңгейін төмендетеді немесе оған басқа бағыт береді.

Екіншіден, балалардың психологиялық денсаулығын дамытудың маңызды шарттарының бірі – кедергілерді өз бетінше жеңу тәжірибесі. Осылайша, толық эмоционалды жайлылықтың қажеттілігі туралы кең таралған сенім мүлдем қате. Үшіншіден, ересек адам баланы өзін, оның ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, оның мінез-құлқының себептері мен салдарын түсінуге шақырған кезде рефлексияны дамытуға барлық мүмкін қолдау қажет.

Төртіншіден, бала өзін қоршаған идеалдарды, үлкендердің белгілі бір құндылық ұмтылыстарын көруге және соған сәйкес өзінің құндылық басымдықтарын анықтауға мүмкіндік алған кезде баланың дамуында құндылық ортасының болуы өте маңызды. Жалпы, психологиялық денсаулық сыртқы және ішкі факторлардың өзара әрекеттесуі арқылы қалыптасады және ішкі факторлар арқылы тек сыртқы факторлар сынуы мүмкін емес, сонымен қатар ішкі факторлар да сыртқы әсерлерді өзгерте алады деп қорытынды жасауға болады. Психологиялық тұрғыдан дені сау адам үшін табысқа толы күрес тәжірибесі қажет екенін тағы бір рет атап өтейік.

Отбасындағы жағымды атмосфераны құру туралы ата-аналарға ескерту

1. Есіңізде болсын, ата-ананың баланы қалай оятуы оның бүкіл күндегі психологиялық көңіл-күйін анықтайды.
2. Түнгі демалыс уақыты әркім үшін жеке. Бір ғана көрсеткіш бар: сіз оны оятқан кезде бала жеткілікті ұйықтап, оңай оянуы керек.
3. Балаңызбен серуендеуге мүмкіндігіңіз болса, оны жіберіп алмаңыз. Бірге серуендеу - бұл қарым-қатынас, түсініксіз кеңестер және қоршаған ортаны бақылау.
4. Балаларды мектепке дейінгі мекемеде болғаннан кейін қарсы алуды үйреніңіз. «Бүгін не жедің?» Деген сұрақты бірінші болып қоймау керек: «Балабақшада не қызық болды?», «Сен не істедің?», «Жағдайың қалай?»
5. Балаңыздың жетістіктеріне қуаныңыз. Оның уақытша сәтсіздіктері сәтінде ашуланбаңыз. Балаңыздың өміріндегі оқиғалар туралы әңгімелерін шыдамдылықпен және қызығушылықпен тыңдаңыз.
6. Бала өзін жақсы көретінін сезінуі керек. Қарым-қатынастан айқай мен дөрекі интонацияларды алып тастау керек. Отбасыңызда қуаныш, сүйіспеншілік, сыйластық атмосферасын жасаңыз.

Гиперактивті балалармен өткізілетін ойын түрлері.

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Осы кезде игерген баланың рухани байланысы өмір бойына із қалдырып, оның дұрыс жетілуіне негіз болады. Психикалық даму процесінде танымдық, еріктік, эмоциялық процестерде жеке адамның психикалық сипаттары мен белгілерінің қалыптасуында елеулі өзгерістер болады.

Мектепке дейінгі жастағы баланың психоэмоционалдық денсаулығы көптеген әлеуметтік-қоғамдық ықпалдарға тәуелді. Егер бала балалармен тіл табыса алмаса, балабақша тәрбиешілері де үнемі шағым айтса, бұл балаларға аса көңіл бөлген жөн.

Америка психологтары Н.Бенкер мен М.Альворд гиперактивті балаларды анықтауда төмендегі белгілерге көңіл аударуды ұсынады:

- Ескерімнің төмен болуы;
- Үнемі мазасыздану, адамдардың айтқанын естімеуі; (ұрыншақ, бір орында отыра алмайды)
- Берілген тапсырманы орындауға зауқы болмауы;
- Тез ұмытып қалуы;
- Өзге балаларға қарағанда аз ұйықтайды;
- Қолындағы заттарын жоғалтуы.

Дамуында осындай белгілері бар балаларды ұзақ уақыт бақылау қажет. Сонымен бірге реттеу-түзету жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Зерттеу барысында міндетті түрде ата-аналардың ой-пікірін ескеруіміз қажет және төмендегі сұрақтарға берген жауаптарының қорытындысы бойынша, жүргізілетін жұмыс бағыты белгіленеді:

1. Балаңыз оң қолмен немесе сол қолмен жұмыс жасайды, екі қолының күші бірдей ме?
2. Көңіл күйінде өзгерістер байқайсыз ба?
Бір күні жақсы көңіл күйде болса, екінші күні жаман көңіл күйде жаман көңіл күйде болуы мүмкін бе?
3. Баланың жетістіктері оның мүмкіншілігіне сәйкес келе ме?
4. Тапсырманы орындауда қиындықтар бар ма?
5. Бір қалыпты отыра ала ма?
(аяғын шайқауы, саусақпен тарсылдатуы)
6. Бастаған ісін соңына жеткізе ме?
7. Бала импульсивті ме?
8. Оны алаңдату оңай ма?
9. Қызу кірісіп, тез суып қалатын уақыты бола ма?
10. Ашуы тез тарқай ма?
11. Дамуында қиындық бар ма?
12. Тәртіпсіз жағдайлары көп байқала ма?
13. Кез-келген нәрсеге мазасыздана ма?
14. Өзін-өзі бағалау деңгейі төмен бе?

15. Агрессия деңгейі қандай? Ойыншықтарды сындырып, кітаптарды жырты ма?
16. Сұрамай біреудің затын ала ма?
17. Балалармен қарым-қатынасы?
18. Отбасы жағдайы. (толық, толық емес)

Гиперактивті балалармен жұмыс комплексті түрде жүргізіледі. Бұл жағдайда дәрігерлік кеңестермен қатар мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде реттеу-дамыту жұмыстары жүргізіледі. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаларды дамыту реттеу бағытында ойындарды пайдаланамыз. Ойын арқылы басқара отырып, баланың сана сезіміне, мінез құлқына ықпал жасаймыз.

Гиперактивті балалардың бойындағы тез қозғалғыш және олар үнемі біздің көңіл аударуымызды қажет ететіндігін ескере отырып, жұмыстың ұжымдық түрінде өтуі бірнеше сатыдан тұрады. Бірінші балалармен жеке жұмыс түрі ұйымдастырылады, одан соң шағын топтарға біріктіріледі, содан кейін ұжымдық топқа ауысады.

1. Кесте. Бір функцияны жаттықтыру ойындары.

Ойын бағытын анықтайтын функция	Жеке	Топтық
Ескерімі	«Айырмашылығын тап» «Тиым салынған қозғалыс»	«Тиым салынған қозғалыс» «Допты жалғастыр» «Броундық қозғалыс»
Қимыл-қозғалысын бақылау	«Қолмен сөйлесу»	«Теңіз толқиды»
Импулсивтілігін тексеру	«Айт», «Жейтін-жемейтін»	«Жейтін-жемейтін» «Айт» «Соқыр және жетектеуші»

Алдымен тек бір ғана функцияны жаттықтыратын ойын-жаттығулар қолданылады. Балалар бұл тапсырмаларды меңгергеннен кейін тапсырманы күрделендіріп екі немесе одан да көп функцияларды жаттықтыру көзделеді.

2.Кесте. Екі немесе одан да көп функцияны жаттықтыру ойындары.

Жаттықтыратын функциялар	Ойындар
Ескерімі және импульсивтілігін текскру	«Айқайлаушы-сыбырлаушы-үндемейтіндер» «Айқай - шу»
Ескерімі мен қимыл-қозғалысын бақылау	«Қалпағым менің үшбұрышым» «Қатып қал»
Импульсивтілігі мен қимыл-қозғалысын бақылау	«Бір сағаттық тыныштық және сағат», «Болады»
Ескерімі,импульсивтілігі мен қимыл-қозғалысын бақылау	«Бұйрықты тыңда» «Шапалақты тыңда» «Теңіз толқындары»

Гиперактивті балалармен жұмыс барысында,балалардың жас ерекшеліктерін және олардың қарым-қатынасын ескере отырып, әр балаға көңіл бөліп, бағыт беріп, тек балаларды жақсы жағынан танып, орын алған кемшіліктерді олармен жақын сырласу арқылы жоюға тырысамыз.

Кестеде көрсетілген ойындарға тоқталатын болсақ:

«Айырмашылығын тап»
(Е.К.Лютова, Г.Б.Монино)

Мақсаты: Бөлшектерге көңіл бөлу арқылы ескерімін шоғырландыруды дамыту.

Бала өзіне ұнаған суретті салады. (мысық,үй) Оны үлкен адамға береді, үлкен адам ол суретті толықтырады да, балаға қайтып береміз. Суреттегі өзгерісті байқап,не өзгергенін айтып береді.Орындарымен алмасуға болады.

Ойынды топ бойынша өткізуге болады.

Бұл жағдайда балалар кезекпен кезек тақтаға сурет салады,теріс бұрылып тұрады.Үлкен адам оның салған суретін толықтырады. Балалар суретке қарап не өзгергенін айтып береді.

«Қолмен сөйлесу»
(М.В.Шевцова)

Мақсаты: Өзінің іс-әрекетін бақылауға үйрету.

Егер бала төбелессе, ойыншықтарды сындырса, қағаз бетіне өзінің алақанының суретін салдырамыз. Одан соң сол суретті жандандырамыз.Көз, ауыз салып түрлі түсті карандашпен бояймыз. Одан соң онымен сөйлесеміз. «Сенің атың кім», «Сен не жасағанды ұнатасың», «Нені жақсы көрмейсің», «Сендер қандайсындар?»

Егер бала үндемесе диалогты өзіңіз бастаңыз. Әр саусақтың міндетіне тоқталып, олардың бәрінің жақсы екенін, айтқан тілді алатынын түсіндіреміз.

Ойынды аяқтарда қолдың иесімен «Қол» арасында келісім шарт жасаймыз. Қол өз тарапынан аз уақыт ішінде көп нәрсе істеуге уәде береді. (амандасу, таласпай ойнауға, ешкімді ренжітпеуге, көмектесуге) Егер бала осы шарттарға келіссе, уақыт өте осы ойынды тағыда ойнап уақытты созуға болады.

«Айт»

(Е.К.Лютова, Г.Б.Монино)

Мақсаты: Импульсивті іс-әрекетін бақылауды дамыту.

Балалар мен сендерге жәй және күрделі сұрақтар беремін. Бірақ сіздер жауапты тек мен «Айт» деген кезде ғана айта аласыңдар. Дайындалып көрейік: «Қазір жылдың қай мезгілі?»

«Айқайлаушы – сыбырлаушы - үндемеуші»

(И.В.Шевцова)

Мақсаты: Ереже бойынша қимыл-қозғалыс жасап, байқампаз болуға дағдыландыру.

Түрлі түсті картоннан қолдың үш силуэтін жасау керек: қызыл, сары, көк. Бұл белгілер егер қызыл түсті көтерсе – «айқайлап» жүгіруге болады, егер сары түсті көтерсе жай қозғалып – «сыбырлап» сөйлеседі, егер көк түс көтерілсе балалар қозғалмай тұрып қалады және «үндемейді». Ойынды үндемеу белгісімен аяқтаймыз.

«Теңіз толқындары»

(Е.К.Лютова, Г.Б.Монино)

Мақсаты: Ескерімін бір іс-әрекеттен басқасына ауыстыру, буынға түсетін күшті азайту. «Тұрамыз» деген белгі бойынша балалар «қатып қалады». «Толқындар» деген белгі бойынша алда отырған балалардан бастап бір-бірден орындарынан тұра бастайды. «Дауыл» деген кезде толқындар тербелетін қимыл-қозғалыс жасайды. Ойынды тұрамыз деген белгі бойынша аяқтаймыз.

«Маса аулаймыз»

(Л.К.Лютова, Г.Б.Монина)

Мақсаты: Қол саусақтарын шаршатпауға, гиперактивті балаларға ұзағырақ қозғалуға мүмкіндік беру.

Жаз мезгілі, терезені аштық, біздің топқа көп масалар кіріп кетті. «Бастаймыз» деген белгі бойынша педагог қолды ашып-жұму арқылы шыбын аулайды. «Тоқта» деген белгі бойынша, балалар педагог көрсеткендей жағдайда отырады.

Дайынбыз ба? «Тоқтаймыз» жақсы еңбек еттіңдер. Шаршаған боларсыңдар, қолдарыңды төмен түсіріп, алақандарыңды жайып,

қолдарыңды сілкейміз. Енді қолдарың дем алса жұмысқа қайта кірісеміз.

Сонымен бірге гиперактивті балалармен жұмыс барысында саусақтың қимыл ойындарын пайдалануға болады

«Пілдер»

Сол қолдың және оң қолдың ортаңғы саусағы пілдің тұмсығына айналады, қалған саусақтар пілдің аяқтары. Пілге секіріп, тұмсығын жерге тигізуге болмайды, жүру кезінде өзінің төрт аяғына сенуі керек. Бұл ойында ең алдымен тапсырмалар беріледі: «Үстелдің шетіне дейін кім бірінші жүгіріп барады?» Одан соң «Кім бәрінен жәй, бірақ тоқтамастан, үстелдің шетіне барады?» Осылай өткізілген ойындар гиперактивті балаларда шыдамдылықты дамытады.

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Пікір-талас.

**«Гиперактивті балалармен өткізілетін ойын түрлері»
(Педагогтар арасында)**

Өткізген: Педагог- психологы : Аманғосова Р.А.

2025 оқу жылы.

Балабақшаға балаларды бейімдеу бойынша педагогтерге кеңестер



Педагогтерге кеңестер:

1. Жылы қабылдау ұйымдастырыңыз:

- Баланы есіктен күлімдеп қарсы алыңыз.
- Алғашқы күндері сүйікті ойыншықпен келуіне рұқсат етіңіз.

2. Жекелей көзқарас қолданыңыз:

- Әр баланың темпераменті мен ерекшелігін ескеріңіз.
- Қорыққан немесе жылаған баланы жұбатып, сенім қалыптастырыңыз.

3. Ата-анамен тұрақты байланыс орнатыңыз:

- Баланың жағдайы туралы үнемі қысқаша ақпарат беріп тұрыңыз.

4. Ойын арқылы бейімдеңіз:

- Топтағы алғашқы күндерді жеңіл, танымдық, қимыл-қозғалыс ойындарына арнаңыз.

5. Топ ішінде қауіпсіз, жайлы орта қалыптастырыңыз:

- Баланың өзін қауіпсіз, еркін сезінуіне жағдай жасаңыз.

Есіңізде болсын:

Бейімделу – бұл уақыт пен түсіністікті қажет ететін үдеріс. Ата-ана мен педагог бірігіп әрекет еткенде, бала балабақшаға тез әрі жеңіл бейімделеді.

Педагог-психолог: Аманғосова Р.А

Балабақшаға балаларды бейімдеу бойынша ата-аналарға кеңестер



Ата-аналарға кеңестер:

1. Алдын ала дайындық жүргізіңіз:

- Балаға балабақша туралы оң әңгімелер айтыңыз.
- Балабақша режиміне біртіндеп үйрете бастаңыз.

2. Балаға сенімділік беріңіз:

- Кетіп бара жатқанда уәде беріп, міндетті түрде орындаңыз.
- Қоштасуды созбаңыз – жылы әрі сенімді қоштасу маңызды.

3. Үнемі байланыста болыңыз:

- Тәрбиешімен қарым-қатынаста болыңыз, баланың жағдайынан хабардар болыңыз.

4. Үйде де дағды қалыптастырыңыз:

- Өзін-өзі киіндіру, тамақтану, ойыншықты жинау сияқты дағдыларды үйретіңіз.

5. Сабырлы болыңыз:

- Бейімделу әр балада әртүрлі өтеді. Уайымдамаңыз, қолдау көрсетіңіз.

Педагог-психолог: Аманғосова Р.А

«Жолшы» бөбекжай»-балабақшасы»МКҚК

**Ата-аналардың (заңды өкілдердің)
алдын ала жазылу журналы**

Ойыл-2025-2026 ж

Консультациялық пункт мамандарын есепке алу журналы

«_17_»_09_.2025 жылы басталды.

«__» __._____жылы аяқталды.

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!!!

«Жолшы» бөбекжай»-балабақшасы»МКҚК-да

3 жастан 5 жасқа дейінгі балалары мектепке дейінгі ұйымға бармайтын және баратын ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған ТЕГІН КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ жұмыс істейді.

Сіздерге:

- 1) (Instagram, Facebook, Telegram) мессенджерлері, телефон арқылы мамандардың консультацияларын;
- 2) Білім беру ұйымының сайтында мәтіндік консультациялар мен бейнероликтерді, шеберлік сыныптарын;
- 3) Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған бейне – ойындарды ұсынамыз.

Консультация алуға мына телефон арқылы жазылуға болады
87780045969